

Паспорт образовательной программы

Дата регистрации в Реестре

2022.07.18 17:24

Регистрационный номер

18666

Дата обновления паспорта ОП:

2022.07.18 17:24

Код и наименование специальности:

07130100 Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)

Код и наименование квалификации/квалификаций:

3W07130101 Электромонтер (түрлері және салалары бойынша)

Регион:

Жамбыл облысы

Организация ТИППО (Разработчик):

" Қордай ауылшаруашылық колледжі" КМҚК

Партнеры-разработчики:

ТОО «Ногайбай – Kaze x im» Расулов М.

Цель ОП:

Қызмет көрсетілетін электр қозғалтқыштарын, генераторларды, трансформаторларды, кабельдік желілерді, тарату құрылғыларының аппаратураларын, электр желілері мен электр аспаптарын, контроллерлерді жөндеу, монтаждау, жұмыс істеу принципі, құрылысы, қарапайым және күрделілігі орташа бақылау-өлшеу құралдарының жұмысы бойынша теориялық және практикалық білімі бар, электр қондырғыларына техникалық қызмет көрсету кезінде оларды пайдалану кезінде қолдана алатын білікті мамандарды даярлау.

Уровень по НРК:

3

Уровень по ОРК:

3

Профессиональный стандарт (при наличии):

" Электр жабдықтарына қызмет көрсету, монтаждау және баптау" Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы № 132 бұйрығы 1-қосымшасы 24.06.2020 жыл, «Электр қондырғыларын пайдалану және жөндеу» «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2020 жылғы 24 маусымдағы №132 бұйрығына №3 қосымша.

Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

WorldSkills WSC2019_WSSS18_Electrical_Installations 25.10.18

Форма обучения:

құндызгі

База образования:

негізгі орта білім

Язык обучения:

мемлекеттік

Общий объем кредитов:

120

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

11.03.2022 ж.

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

№0048179

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

KZ84BFA00139400

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

20.05.2020 ж.

Отличительные особенности ОП:

-

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
ЖБП 1. Орыс тілі мен әдебиеті	Өмірдің әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық, оқу-кәсіби салаларында қарым-қатынас жасау үшін қажетті тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу дағдыларын дамыту; көркем мәтінді талдай білуді дамыту, әдеби шығарманың түрі мен жанрын анықтау, бейнелеу және экспрессивті құралдардың рөлін сипаттау, шығарманың идеясы мен проблемаларын тұжырымдау; оқылғанға өз көзқарасын білдіру, автордың позициясын анықтау қабілетін дамыту. Орыс әдеби тілінің нормаларын ескере отырып, тиісті тақырыпқа байланысты мәтінді	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	(ауызша және жазбаша) құру дағдыларын жетілдіру; ақпаратты іздеумен, өңдеумен және бекітумен байланысты біліктер мен дағдыларды жетілдіру; білім алушыларда оқу мен жазу негізінде дағдыларды, зерттеу біліктерін, талдау, синтездеу, бағалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған сыни ойлау дағдыларын жетілдіру, басқа пәндерден алынған ақпаратты түсіндіру. "Туризм", "Экотуризм", "адам және Отан", "Ғылым және этика", "Планета және жер", "әдебиет және өнер", "сауда және көмек". "Әділ сауда", "адам мен қоғам өміріндегі еңбектің маңызы : экология, биоресурстар.	
ЖБП 2. Қазақ тілі	Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті», «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма», «Сәулет өнері», «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі», «Экология: ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Әлемді өзгерткен өнертабыстар», «Туризм:	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	экотуризм».	
ЖБП 3. Қазақ әдебиеті	Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Қазақтың Қанышы», «Парасат пайымы», «Тарих тағылымы», «Кеңістік пен уақыт», «Зобалаң заман шындығы», «Ғасырлық туынды», «Табиғат және адам».	3/72
ЖБП 4. Шет тілі	Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legend or Truth», «Natural Disasters», «Virtual reality», «Organic and non-organic worlds», «Reading for pleasure», «Capabilities of human brain», «Breakthrough technologies», «Space X», «Making connections in biology», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», «Human brain», Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», «STEM», «Reading for Pleasure», «Independent project», «The clothes of chemistry».	4/96
ЖБП 5. Қазақстан тарихы	Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси,	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «. Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «. Білім мен ғылымның дамуы».	
ЖБП 6. Математика	Байланысты пәндерді оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері мен графигі», «Тригонометриялық функциялар», «Көпмүшелер», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функция шегі және үзділіссіздігі», «Туынды және оны қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Комплекс сандар», «Дифференциалдық теңдеулер», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері».	8/192
ЖБП 7. Информатика	Аппараттық және бағдарламалық	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән: «Аппараттық және программалық қамтамасыз ету», «Деректерді ұсыну», «Ақпараттық процестер мен жүйелер», «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Қосымшаларды әзірлеу», «Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік» сияқты бөлімдерді зерттейді.	
ЖБП 8. Өзін-өзі тану	Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруға, оның рухани жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына ықпал етеді, өзін және басқа адамдарды қабылдауға және түсінуге ықпал етеді, ашықтықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің, шығармашылық белсенділіктің және өмірді жағымды қабылдаудың дамуына ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».	2/48
ЖБП 9. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазақстан Республикасының	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі», «Әскери қызметтің құқықтық негіздері», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары», «Тактикалық дайындық», «Атыс дайындығы», «Саптық дайындық», «Әскери топография», «Әскери роботты техникалардың негіздері», «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері», «Технологиялық дайындық».	
ЖБП 10. Дене тәрбиесі	Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу».	5/120
ЖБП 11. Физика	Ғылыми дүниетанымның негіздерін, әлемнің жаратылыстану бейнесін тұтас қабылдауды, табиғат құбылыстарын байқау, талдау және бекіту қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді, әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізін құрайтын іргелі физикалық заңдар мен принциптер туралы білімді, табиғатты ғылыми тану әдістерін дамытуға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Механика», «Жылу физикасы»,	6/144

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	«Электр және магнетизм», «Электромагниттік тербелістер», «Электромагниттік толқындар», «Оптика», «Салыстырмалы теорияның элементтері», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология».	
ЖБП 12. Химия	Заттар мен олардың өзгерістері, заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастырады, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіреді, химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Заттардың бөлшектері», «Периодтылық.Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары», «Химиялық реакциялар энергетикасы», «Химия және қоршаған орта», «Химия және өмір».	6/144
ЖБП 13. Биология	Тіршіліктің әртүрлі деңгейлерінің дамуын түсінуді қалыптастыратын практикалық және зерттеу іс-әрекеті арқылы білім алушылардың функционалдық дағдыларын дамыту табиғаттың даму заңдылықтары мен адамның қоршаған ортадағы рөлі туралы түсінік қалыптастыру; табиғаттың дамуы мен жұмыс істеу заңдылықтарын жаңа білім алуға, оларды әрі қарай кеңейту мен тереңдетудің негізі мен құралы ретінде қолдану.	3/72
ЖБП 14. География	Географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындайтын геоэкологиялық, экономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден	3/72

Наименование № модуля/дисциплины		Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		тұрады: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары».	
	ЖБП 9. Алғашқы әскери және технологиялық дайын+ В43:С63	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	2/48
		ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	2/48
	БМ 02. Ақпараттық –коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	1/24
		ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	1/24
	БМ 03. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	1/24
		ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.	1/24
		ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	1/24
		ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздеріне ие болу.	1/24
		ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	1/24
	КМ 1. Электр жабдықтарының тораптары мен	ОН 1.1. Электр жабдықтарының негізгі конструкциялары мен жұмыс принциптерін ажырату.	2/48

Наименование № модуля/дисциплины		Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	механизмдерін құрастыру, монтаждау, реттеу және жөндеу		
		ОН 1.2. Құрастыру процесінде күрделілігі әртүрлі бөлшектер мен тораптарды слесарлық өңдеу.	2/48
		ОН 1.3. Такелаждық жұмыстарды жүргізу.	3/72
		ОН 1.4. Жабдықты пайдалану және оны жөндеу процесінде, тексеру кезінде ақауларды анықтау және жою.	2/48
		ОН 1.5. Электр қондырғылары мен электр жабдықтарын монтаждау, демонтаждау және жөндеу жұмыстарын орындау.	3/72
		ОН 1.6 Электр қондырғыларына қызмет көрсету кезінде жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету.	3/72
	КМ 2. Электр жабдықтарына эксплуатациялық қызмет көрсетуді жүзеге асыру	ОН 2.1. Бақылау-өлшеу құралдары мен құрылғыларын баптау және реттеу.	3/72
		ОН 2.2. Қолданыстағы электр жабдығының жағдайына диагностика жүргізу.	3/72
		ОН 2.3. Электр жабдықтарына жоспарлы және кезектен тыс тексеруді жүргізу.	3/72
		ОН 2.4. Электр жабдықтарының параметрлері бойынша ақаулықтарды анықтау және жою.	2/48
		ОН 2.5. Электр қондырғыларына қызмет көрсету кезінде жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету.	2/48
	КМ 3. Электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді	ОН 3.1. Электр жабдықтарына ағымдағы (ұсақ) және жоспарлы жөндеу жүргізу.	2/48

Наименование № модуля/дисциплины		Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	орындау		
		ОН 3.2. Құрылғылардың ақауларын анықтау және жою бойынша жұмыстарды орындау.	2/48
		ОН 3.3. Құрылғыларды монтаждау, демонтаждау, жөндеу, баптау және сынақ жұмыстарын орындау.	3/72
		ОН 3.4 Монтаждауды ұйымдастыру процесінде микроэлектроника мен заманауи қолданбалы бағдарламаларды қолдану.	3/72
		ОН 3.5 Тарату құрылғыларының аппаратурасын тексеруді және жөндеуді жүргізу.	3/72
	КМ 4. Электр жабдықтарының ақаусыз және сенімді жұмысын қамтамасыз ету	ОН 4.1. Электр жабдықтарына профилактикалық тексерулер жүргізу.	2/48
		ОН 4.2. Электр жабдықтарына диагностика, профилактика жүргізуді және қызмет көрсетуді жүзеге асыру.	2/48
		ОН 4.3. Жөндеуге жатпайтын электр жабдығында ақаулықтар анықталған жағдайда, оны ауыстыру.	2/48
	Аралық, қорытынды аттестаттау	-	5/120